

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 137 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 27 наурыздағы N 59 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 15 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5634 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 59 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.04.30 № 59 Қаулысымен.

Бағалы қағаздар нарығын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 137 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2335 тіркелген) Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2335 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 137 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 25 қазандағы N 298 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3230 тіркелген, 2005 жылы Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, N 9-13, 42-құжат), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 137 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 15 сәуірдегі N 97 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4230 тіркелген), Агенттік Басқармасының "Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 137 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 12 тамыздағы N 149 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4392 тіркелген, "Заң газеті" газетінің 2006 жылғы 29 қыркүйектегі N 174 (1154) санында жарияланған), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 137 қаулысына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы" 2007 жылғы 30 наурыздағы N 69 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4641 тіркелген, 2007 жылы наурыз-сәуірде Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2007 жылғы 1 шілдедегі "Заң газеті" газетінің N 82 (1285) санында жарияланған), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 137 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2008 жылғы 29 қазандағы N 167 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5373 тіркелген) енгізілген өзгерістерімен және толықтырулармен бірге мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру ережесінде:

барлық мәтін бойынша "қаржылық есепті", "қаржылық есептілікті", "қаржылық есептілігін", "қаржылық есептілігі" деген сөздер "кірістер мен шығындар туралы бухгалтерлік балансты және есепті", "кірістер мен шығындар туралы бухгалтерлік балансын және есебін", "кірістер мен шығындар туралы бухгалтерлік балансы және есебі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 5 - 3 - т а р м а қ т а :

"бесінші жұмыс күнінен" деген сөздер "соңғы күннен" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қ о л д а н ы с қ а е н е д і .

3. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде өзінің ішкі құжаттарын осы қаулының талаптарына сәйкес келтірсін.

4. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (М.Ж. Хаджиева):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне және "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

5. Агенттік Төрайымының қызметі (А.Ә. Кенже) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында осы қаулыны жариялау шараларын қолға а л с ы н .

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова